



Құрметті студент!

2017 жылы «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B050900	«Қаржы»	1. Экономикалық теория 2. Макроэкономика 3. Қаржы 4. Корпоративтік қаржы

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - Экономикалық теория
 - Макроэкономика
 - Қаржы
 - Корпоративтік қаржы
- Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Тандаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Экономикалық теория

1. Экономикалық теория бірнеше қызметтер атқарады:

- A) Танып білу қызметі
- B) Техникалар және тауар қызметтері
- C) Дүниетанымдылық көзқарас қызметі
- D) Бағаны қалыптастыру қызметі
- E) Ұлттық нарықтың даму қызметі

2. Индустриалдық жүйе:

- A) Мемлекеттің егемендігі және ұлттық экономиканы жүзеге асырады
- B) Өндіріс факторларын дамытуда тауарлар шығаруға негізделеді
- C) Ресурстар мен өндіріс факторлары мемлекеттің қолында болып, мемлекеттік меншіктің үстемділігі жүргізіледі
- D) Негізгі ресурс ретінде ақпарат саналады, экономиканың бастаушы саласы
- E) Натуралды шаруашылық еңбегі дәстүр бойынша жалғасып, жүргізіліп отырады
- F) Мемлекет пен нарық механизмдерінің араласуы арқылы инновациялық технологияны жүзеге асыруға бағытталған
- G) Ірі машиналық өндіріске дамыған тауар- ақша қатынастарына негізделеді

3. Нарықтың мәні:

- A) Сұраныс пен ұсыныс бағаны қалай анықтайтыны туралы түсінік
- B) Өнімнің нақты бағасы
- C) Өндірушілердің сатуға ұсынатын тауарларын ақша көмегімен айырбастау процесінде туындайтын экономикалық қарым-қатынастардың жиынтығы
- D) Табыс пен шығындарды салыстыру негізінде қалыптастыру
- E) Айырбас айналыс категориялары өзара тығыз байланысты және тұрмыстық деңгейде жай теңестіріледі
- F) Шаруашылықтың құрылымдық бөлімдерінің мемлекет иелігінен алу және жекелендіру дәрежесі

4. Өнеркәсіп революциясы мен ҒТІІ даму деңгейі бойынша индустриалды даму дәуіріне дейінгі жүйе:

- A) ірі машиналық өндіріске дамыған тауар - ақша қатынастарына негізделеді
- B) натуралды шаруашылық еңбегі дәстүр бойынша жалғасып, жүргізіліп отырады
- C) орталықтанған жоспарлау арқылы барлық ресурстар мен өндіріс факторлары мемлекеттің қолында болып, мемлекеттік меншіктің үстемділігі жүргізіледі
- D) мемлекеттің егемендігі және ұлттық экономиканы жүзеге асырылады
- E) негізгі ресурс ретінде ақпарат саналады, экономиканың бастаушы саласы – материалдық емес сала

5. Қажеттілік ұғымының мәнін ашатын анықтамалар:

- A) Қоғамдық өндірістің, қоғамның экономикалық механизмін реттейтін экономикалық прогресстің өзегі
- B) Шаруашылық қызметтерді қозғаушы күштер
- C) Адамның мәдени, рухани мұқтаждықтары
- D) Тауарлар мен қызметтерді өндіру процесіндегі табиғи, әлеуметтік және рухани күштердің жиынтығы
- E) Адамдардың шаруашылық істерін жүзеге асыратын мүмкіндіктері
- F) Өмір сүруге қажетті ешнәрсемен алмастыруға болмайтын мұқтаждықтар
- G) Экономикалық игіліктерді жасау процесі
- H) Тұлғалардың өмір сүруі үшін аса керек мұқтаждықтары

6. Игіліктерді пайдалану нәтижелеріне иелік ету құқығы:

- A) Пайдалану
- B) Мұрагерлікке қалдыру
- C) Егемендік
- D) Иелік ету
- E) Табысты алу

7. Тауардың қасиеттері:

- A) Айырбас құнына ие тауар
- B) Ұлттық қаржы, қоғамдық табыс
- C) Табыс көзі
- D) Еңбек құралы
- E) Тұтыну құнына ие зат
- F) Қоғамның қажеттілігін қанағаттандыру қасиеті бар зат

8. Қаржының атқаратын қызметтері:

- A) Сауықтыру
- B) Баға белгілеу
- C) Фискальдық
- D) Тәжірибелік
- E) Делдалдық
- F) Реттеуші
- G) Бөлу
- H) Бақылау

9. Қазіргі таңдағы қоғамдық өндірістің маңызды мәселелері:

- A) жұмыс уақытын жоспарлау
- B) гуманизациялау мәселесі
- C) қоғамдағы еңбек бөлінісі
- D) қызмет көрсету саласын реттеу
- E) рухани игіліктер ортасын реттеу
- F) қызметкерлердің біліктілігін реттеу

10. Сұраным заңы әрекет етпейді:

- A) Нарықтағы сатып алушылар саны азайған жағдайда
- B) Тауарлар тапшылығы кезінде
- C) Сапасыз тауарлардың бағасы жоғарылаған жағдайда
- D) Нарықтағы сатушылар саны артқан жағдайда
- E) Сапасыз тауарлардың бағасы төмендеген жағдайда

11. Ұсыныс қисығына әсер ететін бағасыз факторлар:

- A) Еңбек өнімділігі
- B) Сатушылардың жалпы саны
- C) Тұтынушылардың саны
- D) Ресурстар бағасы
- E) Салықтар мен дотациялар
- F) Технологиялар деңгейі
- G) Тұтынушылардың таңдаулары
- H) Тұтынушылардың табысы

12. Негізгі қордың тозған бөлігі:

- A) Өндіріске жұмсалған капиталдың бір бөлігі
- B) Ақшаның капиталға айналуы
- C) Капиталдың девидент әкелуі
- D) Өнім сатылғаннан кейін түскен ақшадан ұсталады
- E) Ақша түрінде өнімнің өзіндік құнына кіреді
- F) Өндірілген тауарлардың тозуы
- G) Өндіріс құрал-жабдықтарының қалыпты жұмыс жасауы

13. Материалдық тозу:

- A) құнның жаңа өнімге көшуі
- B) техникалық –өндірістік-тұтыну құндарының жойылуы
- C) негізгі капиталдың материалдық тұрғыдан қызмет етуге жарамсыз болып қалуы
- D) нақты капитал құнының өндірілген өнім құнына көшірілуі
- E) өндірілген өнімнің сапасыздығы
- F) негізгі капиталдың көшірілген құны
- G) жаңа технологиялардың орнын басуы

14. Өндіріс көлемінің өзгеруіне тәуелсіз бір қалыпты деңгейде төленетін тұрақты шығын:

- A) Шикізатқа, отынға, қуат көзіне, көлік қызметіне, еңбек ресурстарына жұмсалады
- B) Қисығы өнім саны абциссасына перпендикулярь болады
- C) Фирма еш нәрсе өндірмеген жағдайда да төленеді
- D) Қисығы өнім саны абциссасына параллель болады
- E) Өнім шығарылмаған уақытта нөлге тең болады
- F) Қисығы шығындар шамасы ординатасына параллель болады
- G) Бастапқы кезде өндіріс көлемінің ұлғаюымен қатар қарқынды ұлғайып отырады

15. Фирма табысын арттыруда (максимумында) орындалатын шарттар:

- A) $MP_T \cdot MR = P_t$
- B) $TR = TC$
- C) $MP_K \cdot MR = P_k$
- D) $MPL \cdot MR = W$
- E) $(TC - TR) = FC$
- F) $AP_L = TP : L$
- G) $MP_L = \Delta TP : \Delta L$
- H) $(TC - TR) > FC$

16. Өндіріс факторлар нарығы:

- A) Капитал нарығы
- B) Ақша нарығы
- C) Жер нарығы
- D) Тауарлар мен қызметтер нарығы
- E) Азық-түлік нарығы
- F) Игіліктер нарығы
- G) Автомобильдер нарығы
- H) Еңбек нарығы

17. Қазақстан Республикасында жұмыс жасайтын Түрік азаматының өндірген өнімінің бағасы енеді:

- A) Түркияның ЖҰӨ-не және Қазақстанның ЖІӨ-не
- B) Қазақстанның ЖҰӨ-не және Түркияның ЖІӨ-не
- C) Қазақстанның ЖІӨ-не
- D) Қазақстанның және Түркияның ЖҰӨ-не
- E) Қазақстанның және Түркияның ЖІӨ-не
- F) Қазақстанның ЖҰӨ-не

18. AS қисығының жылжуына әкелуші факторлар:

- A) тұтынушы табысының өзгеруі
- B) тұтынушы талғамының өзгеруі
- C) мемлекеттік шығындардың өзгеруі
- D) құқықтық нормалардың өзгеруі
- E) өндірістік ресурстардың баға деңгейінің өзгеруі
- F) инвестициялық шығындардың өзгеруі
- G) тұтынушылар шығындарының өзгеруі

19. Ұзақ мерзімді циклдар:

- A) Вальрас циклі
- B) Китчин циклі
- C) 40-60 жылдық циклдар
- D) 50-60 жылдық циклдар
- E) Кузнец циклі
- F) Кондратьев циклі

20. Егер экономика бүтін бір жүйе ретінде зерттелсе, онда бұл талдау:

- A) Нормативті
- B) Микроэкономикалық
- C) Орталықтан жоспарлау
- D) Макроэкономикалық
- E) Позитивті

21. Өндіріс формалары:

- A) Салыстырмалы, есептелген, келісімді, болжамды, жоспарланған да түрлері бар
- B) Индустриалдық өндіріс, ірі механикаланған машина өндірісі үстемдік етеді
- C) Қатаң белгіленген тұрақты бағалар – баға құру органдарының белгілейтін бағалары
- D) Реттелген бағалар, бұлардың мөлшерін мемлекеттік органдар реттеп отырады
- E) Постиндустриалдық өндіріс, бұнда қызметтер, ғылым, білім сфералары үстемдік етеді
- F) Индустриалдыққа дейінгі өндіріс, бұнда ауыл шаруашылығы мен қол еңбегі үстемдік етеді

22. Американ экономисті Пол Самуэльсон пайдаға деген бірнеше көзқарасты атап көрсетті:

- A) сыртқы құбылыста көрінетін нәрсе сол – пайда айналым сапасында тауарды сатқан кезінде өмірге келеді
- B) мерзімді жалақы
- C) пайда тұрақсыздық жай-күйді тудырушы ретінде және тәуекелділік үшін төлем
- D) пайда кәсіпкерлік қызметті марапаттау ретінде және техникалық жетілдіруді ендіру
- E) өндіріс факторлары бірін-бірі толықтырып отырады
- F) жұмысшы қолданатын негізгі капитал
- G) тұтыну тауарларының бағасы

23. Американ ғалым экономисі П.Самуэльсонның ойынша қоғамдағы еңбекке деген ұсыным мынадай факторлармен анықталады:

- A) Жалақы мөлшерімен
- B) Жыл немесе апта бойынша жұмысшының атқаратын орташа сағат санымен
- C) Тұрғындардың хал ахуалымен
- D) Күрделі шаруашылық циклдары
- E) Тұрғындардың жалпы санымен
- F) Жұмысшының еңбекке қабілеттілігімен
- G) Қызметкердің ой өрісімен

24. Лаффер қисығын суреттейді:

- A) Салық мөлшерінің максималды шамасында салықтық түсімнің төмен болуын
- B) Салық көздері мен нысандарының арасындағы байланысты
- C) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы байланысты
- D) Салық мөлшері мен жеңілдіктер арасындағы тура байланысты
- E) Салық мөлшерінің минималды шамасында салықтық түсімнің жоғары болуын
- F) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы тура байланысты
- G) Салық субъектісі мен салықтық жеңілдіктер арасындағы байланысты
- H) Салықтық түсімдер мен салық мөлшерінің арасындағы кері байланысты

25. Экономикалық өсудің интенсивті факторлары:

- A) Капитал шығынының артуы
- B) Технологиялық прогресс
- C) Жалақы, салық
- D) Қорлардың шығындарын азайту
- E) Еңбек шығынының артуы
- F) Ресурстарды тиімді орналастыру

**Экономикалық теория
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Макроэкономика

1. Жалпылама макроэкономикалық үлгі:

- A) Айналым үлгісі
- B) Позитивтік үлгі
- C) AD-AS
- D) Шығындар үлгісі
- E) Ұсыныс үлгісі
- F) Нормативтік үлгі
- G) Сұраныс үлгісі

2. ЖІӨ өлшеу әдістері:

- A) Нарықтық құн
- B) Таза пайда
- C) Тұтыну құны
- D) Аралық табыс
- E) Қосымша құн
- F) Шығыс

3. Ласпейрес индексін есептеуде:

- A) Ағымдағы жылдағы тауарларды тұтыну құрылымының өзгеруі ескерілмейді
- B) Базалық кезеңдегі тауарлар қоржынының құрылымы алынады
- C) Қымбат тауарларды арзан тауарлармен алмастыру ескерілмейді
- D) Таза импорт тұрақты
- E) Ағымдағы жылдағы тауарлар бағасы алынады
- F) Орташа бағалар алынады

4. Жалпы ішкі өнім:

- A) Макроэкономикалық көрсеткіш
- B) ЖҰӨ-нен шетелден түскен алғашқы табысты шегеру
- C) Тек ел ішіндегі өнімді есепке алады
- D) Өзіндік құн қосындысы
- E) Кәсіпорындардағы өндірілген өніммен қоса сауда жүйесіндегі қорлардың қосындысы
- F) Тұтынылған өнімдер мен қызметтердің қосындысы
- G) Барлық өндірілген өнімдер мен қызметтердің қосындысы

5. ЖІӨ дефляторы:

- A) Ресурстарға байланысты
- B) Атаулы ЖІӨ-ге тура пропорционал
- C) Нөлге тең
- D) Нақты ЖІӨ-ге кері пропорционал
- E) Теріс шама
- F) Бағалар деңгейінен тәуелсіз

6. AD-ның бағадан тыс факторларына жатады:

- A) Пайыз мөлшерлемесінің салдары
- B) Ақша айналысының жылдамдығы
- C) Импорттық тауарларды сатып алу салдары
- D) Бағалар деңгейінің өзгеруі
- E) Байлық салдары
- F) Бағалар деңгейі

7. AS қисығының классикалық нұсқасына сәйкес ұзақ мерзімдегі жиынтық сұраныстың өзгеруі:

- A) Инфляция деңгейіне әсер етеді
- B) ЖҰӨ әсер етпейді
- C) Баға деңгейіне әсер етеді
- D) Өнім көлемі мен баға деңгейіне әсер етеді
- E) Өнім көлеміне емес, баға деңгейіне әсер етеді

8. Елдің сауда балансының сальдосы оң болады егер:

- A) Импорт мөлшері экспорттан кемісе
- B) Экспорт импорттан асып түссе
- C) Импорт экспорттан асып түссе
- D) Таза экспорт оң көрсеткіш болса
- E) Экономикалық өсу болса

9. Классикалық үлгіге сай:

- A) Бағалар мен атаулы жалақы қатаң
- B) Жиынтық сұраныс деңгейін өндіріс көлемі айқындайды
- C) Экономика толық қуатпен, ресурстардың толық қамтылу жағдайында жұмыс істейді
- D) Жиынтық ұсыныс қисығы тік сызық, оңға-солға жылжи алмайды
- E) Жиынтық ұсыныс қисығы көлденең сызық, оңға-солға жылжи алмайды

10. Ұсыныс жағынан сілкініс болған жағдайда:

- A) Баға да, өнім көлемі мен жұмысбастылық та өседі
- B) Баға өседі
- C) Жиынтық ұсыныс өседі
- D) Атаулы жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді
- E) Жиынтық сұраныс қисығы солға-төмен жылжиды
- F) Нақты жалақы өседі және инвестициялық шығындар көбейеді

11. Жоспарланған шығындар:

- A) Тауарлар мен қызметтерге жоспарланған үкіметтің, фирмалардың, үй шаруашылықтарының және сыртқы сектордың шығындарының сомасы
- B) $E = C + I + G + X_n$
- C) Тауар-материалдық қорларға жоспарланбаған инвестиция
- D) Негізгі капиталға бизнестің инвестициясы
- E) Нәлдік табыстағы шығындар
- F) Ұлттық табыс өзгерісіне байланысы бар шығындар
- G) Ұлттық табыс өзгерісіне байланысы жоқ шығындар

12. $C = 25 + 0,7(Y - T)$ тұтыну функциясының экономикалық түсінігі:

- A) Қолма-қол табыс өскенде қаражат қор жинақтау 0,3-ке кемиді, ал тұтыну 0,7-ге өседі
- B) Тұтыну = 0,2, ал қор жинақтау = 0,7
- C) 0,7 коэффициенті тұтынуға деген шекті бейімділікті көрсетеді
- D) Автономдық тұтыну = 25, қолма-қол табыстың бір теңгесінен 0,7-і тұтынуға, ал 0,3-і қаражат қор жинақтауға бағытталады
- E) Қолдағы табыстың 70 % тұтынуға, ал 30 % қорға жиналады

13. Сандық ақша териясының негізі:

- A) Экономикадағы ақша көлемі тауарлар бағасының деңгейін анықтайды, ал ақша массасының өсу қарқыны инфляция қарқынын тудырады
- B) Ақшаның саны көп болған сайын инфляция өседі
- C) Ақша - бұл әрбір елдегі тарихи қалыптасқан және мемлекеттің заңымен бекітілген ақша айналысын ұйымдастыру формасы
- D) Ақшаның құндылығы нарықтағы ресурстар мен факторларға сұраныс пен ұсыныстың арақатынасымен анықталады
- E) Ақша массасының өсу қарқыны инфляция қарқынын тудырады
- F) Ақшаның құндылығы ұлттық валютаның төлем қабілеттілігін қамтамасыз ететін алтын мен шетел валюталарының көлемімен анықталады
- G) Экономикадағы ақша көлемі тауарлар бағасының деңгейін анықтайды

14. Төлем балансының негізгі құрылымының құраушысы:

- A) капитал қозғалысының есебі
- B) қорлар есебі
- C) елдердің шығаратын тауарларының есебі
- D) ресми резервтердің өзгерісі
- E) ағымдағы операциялар есебі

15. Ақша-несие саясатының жанама реттеу құралы:

- A) Несие берудің лимиті
- B) Ашық нарықтағы операциялар
- C) Құнды қағаз
- D) Пайыз мөлшерлемесі
- E) Депозит

16. IS қисығының солға жылжуының себептері:

- A) Мемлекеттік шығындардың азаюы
- B) Мемлекеттік шығындардың өсуі
- C) Салықтардың азаюы
- D) Инвестициялық шығындардың өсуі
- E) Жинақтардың азаюы
- F) Инвестициялық шығындардың азаюы
- G) Салықтардың көбеюі

17. IS қисығын құруға негіз болатындар:

- A) Бағалардың бекітілген деңгейі
- B) Кейнс кресі
- C) Мемлекеттік шығындар сырттан беріледі
- D) Ақша нарығындағы ақшаға сұраныс
- E) $Y=C+I+G+X_n$
- F) $ЖІӨ=TҰӨ=ҰТ$
- G) Жиынтық шығындар үлгісі

18. Фрикциондық жұмыссыздық:

- A) Жұмыс күшінің объективті қажетті қозғалысымен байланысты
- B) Басқа қалаға көшуіне байланысты жұмыс орнынан кеткен дәрігер
- C) Науқасты қарауға көмектесетін күтуші қыз
- D) Қатты аяз болғандықтан жұмыс істемейтін құрылысшы
- E) Қыс басталғандықтан жұмыс істемейтін сүңгуір
- F) Университеттің күндізгі бөлімінде оқитын студент

19. Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі:

- A) Циклдық және фриktionдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- B) Фриktionдық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
- C) Циклдық және құрылымдық жұмыссыздық сомасы
- D) Циклдық және құрылымдық жұмыссыздықтарының айырмасы
- E) Жұмыссыздықтың тұрақты деңгейі
- F) NAIRU

20. Берілгені: Тұтыну = 3657; Инвестициялар = 741; Мемлекеттік сатып алулар = 1098; Экспорт = 673; Импорт = 704; Амортизация = 576; Бизнеске салынатын жанама салық = 47; Корпоративтік пайда = 298; Әлеуметтік сақтандыру қорына аударымдар = 507; Таза пайыз = 467; Дивиденттер = 159; Мемлекеттік трансферттер = 660; Жеке пайыздық табыс = 680; Жеке салықтар = 699 Жеке қолдағы (таза) табысты анықтаңдар:

- A) 5466
- B) 4645-699
- C) Жеке табыс – жеке салықтар
- D) 5344
- E) 4645
- F) 4418
- G) Жеке табыс+жеке пайыздық табыс

21. Тұтыну қоржынының құрамы кестеде көрсетілген:

Тауар	Базистік жыл (2000)		Ағымдағы жыл (2003)	
	баға	мөлшері	Баға	Мөлшері
Ет	200	2 кг	400	2 кг
Жарнама	50	4 кг	100	4 кг

Тұтыну бағасының индекcін анықтаңдар:

- A) $(50 + 100)/(200 + 400) = 1/4$
- B) $(200 + 400)/(50 + 100) = 4$
- C) $(400 + 800)/(200 + 400) = 2$
- D) $(400 + 200)/(800 + 400) = 1/2$
- E) $(800 + 400)/(400 + 200) = 2$

22. Ағымдағы операциялар бойынша Қазақстан мемлекетінің балансында тапшылық болса:

- A) Тапшылық қаржыландырылады
- B) Импортқа салық салынады
- C) Импорт көлемі ұлғайтылады
- D) Ауыспалы валюта бағамы көтеріледі
- E) Экспорт көлемі ұлғайтылады
- F) Экспорт көлемі қысқартылады

23. Шағын ашық экономикаға қатысты пікірлері дұрыс:

- A) Инвестициялар мөлшері әлемдік пайыз мөлшерлемесіне тәуелді
- B) Таза экспорттың мөлшері ұлттық кіріске тәуелді
- C) Ұлттық жинақ ақша инвестицияға тең болады
- D) Жабық экономика шығысы мультипликатор мөлшеріне тең
- E) Импорттың мөлшері импорттауға шекті бейімділікке тәуелді
- F) Импорттың мөлшеріне тәуелді
- G) Таза қызметтер мен таза ағымдағы трансферттер оң мөлшерді құрайды
- H) Сауда балансының сальдосы міндетті түрде нөлге тең

24. Валюта бағамын белгілеу әдісі:

- A) Уақытша валюта бағамы
- B) Еркін немесе тағайындалатын валюта бағамы
- C) Маусымдық валюта бағамы
- D) Тағайындалатын валюта бағамы
- E) Ұзақ мерзімдік валюта бағамы
- F) Қысқа мерзімдік валюта бағамы
- G) Валюта бағамы

25. Тұрғындардың өсуінсіз және технологиялық прогрессіз тұрақты жағдайда дұрыс тұжырымдама:

- A) Экономикаға инвестиция тарту ұлғая түседі
- B) Бір жұмысшыға шаққандағы капитал көлемі уақыт кезеңінде тұрақсыз болып қалады
- C) Жиынтық ұсыныс қысқа мерзімді кезеңде қарастырылады
- D) Бір жұмысшының жинақтауы бір жұмысшыға шаққандағы капиталдың тозуына тең
- E) Капиталмен қарулану етілуі неғұрлым жоғары болса, инвестиция көлемі соғұрлым жоғары болды

**Макроэкономика
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қаржы

1. Орталықтандырылған тәртіппен қаржылық ресурстар қалыптасады:

- A) Өнім көлемі мен бағасында
- B) Қаржы Министрлігінде
- C) Жалпы қоғамдық өнім көлемінде
- D) Бюджеттен тыс қорларда
- E) Мемлекеттік бюджетте

2. Қаржы жүйесіндегі орталықтандырылмаған қаржы:

- A) Халықтың қаржысы
- B) Қаржылық ұйымдастыру
- C) Қаржы жоспарлары
- D) Мемлекеттік несие
- E) Өндіріс саласының қаржысы
- F) Өндірістік емес сала қаржысы

3. Қаржы қорларының сыныптамасы:

- A) түрлері бойынша
- B) жасалу әдісі бойынша
- C) шарттарды басқару бойынша
- D) мақсатты белгісі бойынша
- E) механизм бойынша
- F) басқару деңгейі бойынша
- G) құқтық белгісі бойынша

4. Мемлекеттің қаржы саясатының құрамы:

- A) Баға және кеден саясаты
- B) Қаржылық тексеру
- C) Қаржылық бақылау
- D) Қаржылық ресурстар
- E) Қаржылық көрсеткіштер

5. Қорлану қорының ресурстар көзі:

- A) кәсіпорынның қарамағына қалатын табыс
- B) кәсіпорынға берілген ақшалай қаражаттар
- C) трансферттер
- D) субвенция
- E) сырттан келген ұйымдардың қаражаттары
- F) қайтарымсыз төлем ақы

6. Коммерциялық емес ұйымдар мен мекемелердің қаржыландыру көзі:

- A) Меншікті қаражаттар
- B) Қайырымдылық қорларының қаражаттары
- C) Банктік кредиттер
- D) Халық қаражаттары
- E) Үлестік негіздегі қаржыландыру
- F) Қазыналық кәсіпорындар қаржыландыруы

7. Қоғамның қаржы ресурстарының құрамы:

- A) сыртқы немесе шетелдік көздерден түсетін қаржы ресурстары
- B) еңбек ресурстарын алмастырудан алынған қаражаттар
- C) зейнетақы қорлардың қаржылары
- D) валюталық қаржылар
- E) инвестициялық қордың қаржылары
- F) резервтік қор қаржылары

8. Валюталық операциялар түрлері:

- A) бонус
- B) кешенді
- C) субсидия
- D) күрделі
- E) негізгі каптиалды сату
- F) капитал қозғалысына қарай

9. Қазіргі жағдайда қаржы саясатының негізгі бағыты:

- A) қаржы жүйесін сауықтыру
- B) кәсіпорындар қаржысының сферасында нарықтық қатынасты нығайту
- C) қаржы құралдарының тиімділігін есептеу
- D) ақшалай қорларды қалыптастыру
- E) табыстарды есептеу
- F) қаржылық шарттарды жасау
- G) кәсіпорынның стратегиясын және жоспарын талдау

10. Мемлекеттің экономикалық ресурстарды қайта бөлудегі бірқатар тауарлардың тепе-теңдік көлемінен ауытқуындағы құйылым шығындары:

- A) Ауа райын болжау
- B) Білім беру қызметі
- C) Тербелістер
- D) Түрлі қолайсыздықтар
- E) Ауаның ластануы

11. Салық салу объектілерін есепке алу және оларды бағалау амалдарына қарай салықты алудың әдістері:

- A) Кадастрлық әдіс
- B) Жоспарлау әдісі
- C) Мағлұмдама әдісі
- D) Бағалау әдісі
- E) Есепке алу әдісі

12. Заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттік органдардың оларға көрсететін қызметтері үшін төленетін міндетті төлемдері:

- A) ақшалай аударымдар
- B) трансферттер
- C) баждар
- D) алымдар
- E) төлемдер

13. Мемлекеттік бюджеттің жалпы қаржылық категориядан өзгеше белгілері:

- A) Құнды қайта бөлумен
- B) Орталықтанбау дәрежесі
- C) Ақшалай несиелік сипаты
- D) Пайда табу сипаты
- E) Экономикалық сипаты
- F) Қоғамдық өнімнің бір бөлігін оқшауландыру

14. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау кезеңдері:

- A) бюджетті атқару
- B) бюджетті ұсыну
- C) бюджет жобасын әзірлеу
- D) бюджет жобасын бекітпеу
- E) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерін дайындау
- F) бюджетті талдау
- G) бюджеттің атқарылуын бақылау

15. Зейнетақы қорының қаражаттарының жасалу көздері:

- A) шаруашылық органдары төлейтін сақтық жарналары мен арнаулы салықтар
- B) кәсіпорын пайдасы
- C) ерікті зейнетақы жарналары
- D) жеке тұлғалар салымдары
- E) несиелер

16. Мемлекеттік борыштың көлемін азайту және жою мақсатындағы өткізілетін іс-шаралар:

- A) Мерзімін ұзарту
- B) Бюджетті ұлғайту
- C) Қайта қаржыландыру
- D) Салық салуды арттыру
- E) Ақша шығару
- F) Қосымша қаржы бөлу

17. Мемлекеттің үй шаруашылық бюджетіне әсер етуі:

- A) мемлекеттік сектордағы қызметкерлерге жалақы төлеу арқылы
- B) нәтиже бойынша
- C) шаралар бойынша
- D) қаржылық орталық бойынша
- E) шешімдер арқылы

18. Сақтық қызметін ұйымдастыру және мемлекеттік реттеу мен лицензиялауды жүзеге асыру үшін бөлінеді:

- A) Тәсілдерге
- B) Әдістерге
- C) Сыныптарға
- D) Ынталандыруға
- E) Салаларға
- F) Табыстарға
- G) Түрлерге

19. Қаржылық реттеудің айырықша нысаны - мемлекеттік сатып алу дағы негізгі әдістер:

- A) Жабық конкурс
- B) Аударым нормативтері
- C) Қаражатты нормалау
- D) Ашық конкурс
- E) Жеткізушіні таңдау

20. Қаржының мәні, оның даму заңдылықтары, тауар-ақша қатынастарын қамту саласы мен қоғамдық ұдайы өндіріс процесіндегі рөлі айқындалады:

- A) Еңбек ресурсымен
- B) Мемлекет табиғатымен
- C) Банк жүйесімен
- D) Жиынтық ұсыныспен
- E) Жиынтық сұраныспен
- F) Мемлекет функциясымен
- G) Жалпы ішкі өнімнен

21. Құлдырау кезінде ынталандырушы фискалдық саясат қарастырады:

- A) ақша массасын реттеу
- B) мемлекеттің шығыстары артуының үлкен нәтижесін ескере отырып фискалдық саясаттың бұл бағыттарының үйлесуі
- C) салықтардың көбеюі
- D) мемлекет шығыстарының көбеюі
- E) мемлекет шығыстарының азаюы
- F) мемлекеттік салық саясатын қайта қарау
- G) мультипликаторды

22. Қор биржасы:

- A) коммерциялық емес ұйым
- B) коммерциялық ұғым
- C) акционерлік қоғам
- D) жеке меншік ешкімге тәуелді емес институт
- E) сауда саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз ету
- F) кәсіпорын
- G) сауда жүйелерін пайдалану және қолдау

23. Туынды бағалы қағаздарды пайдалану қажеттілігі:

- A) Тәуекелдерді сақтандыру
- B) Пайдасын ұлғайту
- C) Бағаларды реттеу
- D) Несиемен есептесу мақсатында
- E) Ақша құралдарын инвестициялау
- F) Сұранысты арттыру
- G) Өтімділікті арттыру

24. Халықаралық байланыстарды дамытудағы қаржының рөлі көрінетін бағыттар:

- A) венчурлық компанияларды ашу
- B) халықаралық қатынастардың және тікелей қатысушыларын ынталандыру
- C) біріккен кәсіпорындарды ашу
- D) қаржылық орталықтарды талдау
- E) қаржы көздерін іздестіру және әр түрлі бағыттарын қаржыландыру үшін қажетті ресурстарын жұмылдыру
- F) халықа

25. Инфляцияның көрініс нысаны:

- A) қылмыс
- B) қаржылық сатып алу қабілетінің төмендеуі
- C) сыртқы тауарларға бағаның көтерілуі
- D) өзіндік құн
- E) саясат
- F) ішкі ақшаның құнсыздануы

**Қаржы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Корпоративтік қаржы

1. Корпоративтік шаруашылық жүргізудің экономикалық нысанда ұйымдастырылуы:

- A) Функционалды
- B) Холдингтік
- C) Стратегиялық
- D) Трансұлттық
- E) Сатылас
- F) Деңгейлес

2. Эквивалентті пайыздық ставка:

- A) эквиваленттік теңдеу пайдаланғандағы ставка
- B) бірдей қаржы нәтижесін беретін сан алуан түрдегі пайыздық ставка
- C) антисипативтік пайыз есептеу
- D) инвестициялау
- E) инфляция
- F) күндік есептеу
- G) қаржы операциясының шарттарын таңдау мүмкіндігі болғандағы ставка
- H) несие алу

3. Корпорацияның қаржы қызметі үш бағытта жүзеге асырылады:

- A) өнім сату
- B) амортизациялау
- C) бақылау — талдау жұмысы
- D) инфляциялау
- E) кіріс пен шығыс бюджеті
- F) ақша айналымын басқару жөніндегі жедел қызмет
- G) несиелеу
- H) қаржыны жоспарлау

4. Пайыздарды есептеудің негізгі кезеңдері:

- A) тоқсан сайын және жарты жыл сайын
- B) ай сайын
- C) айына екі рет
- D) жылына бір рет
- E) жарты күн сайын
- F) толық ай емес
- G) жыл сайын
- H) күн сайын

5. Негізгі құралдардың жіктелуі:

- A) Тікелей және жанама
- B) Нормативтік, базалық және нарықтық
- C) Айналымдағы және айналымнан тыс
- D) Жұмыс істейтін, жұмыс істемейтін және сақтауда тұрған
- E) Меншіктік және уақытша жалға алынған

6. Негізгі құралдар:

- A) Әр өндірістік циклде тұтынылады
- B) Өзінің қасиеті мен түрін сақтамайды
- C) Өз құнын жаңа өнімге біртіндеп аударады
- D) Өз құнын жаңа өнімге толығымен аударады
- E) Өндіріске ақша салымдары
- F) Ұзақ уақыт пайдаланылмайды

7. Негізгі құралдарды бағалау түрлері:

- A) бастапқы құн
- B) эксплуатациялық құн
- C) қалыпқа келтіру бағасы
- D) жеделдетілген баға
- E) ағымдағы құн
- F) қалдық құн

8. Қаржы жоспары өнім өндіру, материалдық ресурс сатып алу келесі жоспармен байланысты:

- A) жедел қаржы
- B) ғылыми-зерттеу
- C) кіріс пен шығыс бюджеті
- D) негізгі құрал - жабдықты қайта бағалау
- E) инвестиция
- F) маркетинг

9. Кәсіпорынның айналым қаражатқа қажеттілігін анықтайтын факторлар:

- A) Қызметкерлердің инвестициялық жарнасына
- B) Өтімділікке
- C) Кәсіпорын капиталының құрылымына
- D) Өндіріс пен сату мөлшеріне
- E) Менеджерлер мен бухгалтерлердің шеберлігіне

10. Салым тәуекелінің деңгейі шамалы болған айналым қаражаты:
- A) арзан бағалы және тозғыш зат
 - B) қысқа мерзімді қаржылық салымдар
 - C) ақша құралдары
 - D) өндірістік қорлар (жатып қалғанын шегерумен)
 - E) сұранысқа ие емес даяр өнім мен тауар
 - F) жатып қалған өндірістік запастар
11. Салу тәуекелі орташа айналым қаражат:
- A) кредиторлық берешек
 - B) арзан бағалы және тозғыш зат
 - C) ақша қаражаттары
 - D) алдағы кезең шығысы
 - E) аяқталмаған құрылыс
12. Ағымдағы шығынды жоспарлау процесінде ескерілетін факторлар:
- A) Материалдық
 - B) Өндіріс көлемін белгілеу
 - C) Негізгі
 - D) Өндірістің және өнім сату көлемінің өзгеруі
 - E) Баға факторы
 - F) Негізгі емес
13. Ағымдағы шығынды жоспарлау процесінде ескерілетін факторлар:
- A) өндірістің және өнім сату көлемінің өзгеруі
 - B) материалдық
 - C) баға факторы
 - D) өндірістік
 - E) негізгі
 - F) өндіріс көлемін белгілеу
 - G) негізгі емес
14. Пайдалылық көрсеткіштерінің негізгі топтары:
- A) негізгі құралдардың пайдалылық көрсеткіштері
 - B) өнімнің өзіндік құнының пайдалылық көрсеткіштері
 - C) капитал (актив) пайдалылығының көрсеткіші
 - D) пайдалылықтың бір факторлы моделі
 - E) өнім пайдалылығының көрсеткіші
 - F) қолма-қолсыз ақшалай қаражат ағынының негізінде есептелген көрсеткіш
 - G) пайданы қалыптастыру көрсеткіштері

15. Пайданы жоспарлау қажет:

- A) жанұялық бюджет құруға
- B) шығындалу бюджетін болжау
- C) компания құнының болжамды мөлшерін анықтау үшін
- D) ақша қаражаттарының қозғалысының болжамды бюджетін қалыптастыруға
- E) смета құруға
- F) капитал бағасын анықтау
- G) салықтық емес бюджетті құруға

16. Негізгі өндірістік құралдарды қалыпқа келтіру келесілер арқылы асырылады:

- A) қалыпқа келтіру
- B) сатып алу
- C) сату
- D) жөндеу
- E) модернизациялау

17. Резервтік капитал:

- A) Істен шыққан мүлікті сатудан түскен түсімі
- B) Қоғамның облигациясын өтеу
- C) Ақшалай төлем
- D) Кіріс
- E) Материалдық көмек

18. Тұтыну қорына жатады:

- A) Шығыс
- B) Ақшалай төлем
- C) Есеп айрысу
- D) Таза пайда
- E) Басқа көздің есебінен қалыптасуы
- F) Кіріс
- G) Материалдық көмек

19. Банк кредитін тарту саясатына мына негізгі кезеңдер (қадам) кіреді:

- A) Қарыз алушының ықтимал кредиторы-коммерциялық банкіні зерттеу және бағалау
- B) Қарыз алушының кредит шартымен байланысты басқа да шығынының мөлшеріне ұлғайтады
- C) Ұзақ мерзімді қарыз капиталын тартудың бір нысаны
- D) Тартылатын банк кредитін пайдалану мақсатын анықтау
- E) Қаржы көрсеткіші мен оның мөлшеріне ықпал ететін факторларды анықтау

20. Қаржы саясатының құрамына келесі буындар кіреді:

- A) ағымдағы кезеңде қаржы ресурсы пайдаланатын негізгі бағыттарды анықтау
- B) Қойылған мақсаттарға жетуге бағытталған практикалық іс-әрекеттерді жүзеге асыру
- C) Инвесторлар үшін ашық болуына қол жеткізу
- D) Пайданы экономикалық өсу көзі ретінде барынша ұлғайту
- E) Ақша ресурсының ұтымды қозғалысын бақылау
- F) Қаржы – экономикалық жай – күйді талдау және бағалау
- G) Пайданы экономикалық өсу көзі ретінде барынша ұлғайту

21. Ұйымның есептік саясаты жөніндегі ақпараттың құрамына:

- A) Айналымнан тыс активті қаржыландыруға жұмсалса
- B) Міндеттемені өтеу мерзімі туралы шарттың ережесін ескеру
- C) Қарыз қаражатты уақытша салудан алынған кірістің есебін жүргізу тәртібі жөніндегі ақпаратты енгізу
- D) Ұзақ мерзімді ретіндегі есептелген міндеттемені қысқа мерзімді ретінде көрсету
- E) Қарыз және міндеттеме бойынша тиесілі кірісті есептеу және оны бөлу тәсілін таңдау
- F) Ұзақ мерзімді кредит пен қарызды бухгалтерлік баланста өтеу мерзімін көрсету
- G) Ұзақ мерзімді берешекті қысқа мерзімдіге ауыстыру

22. Ұзақ мерзімді пассив:

- A) ұзақ мерзімді кредит міндеттемелерінің түрі
- B) айналым активімен орны толтырылатын міндеттеме
- C) қарыз капиталы есебінен қаржыландыру
- D) резервтегі капитал
- E) есепті жылдың бөлінбеген кірісі
- F) қысқа мерзімді міндеттеме

23. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық типтері:

- A) жоғары тұрақтылық
- B) қаржылық тұрақсыз жай - күйі
- C) стандартты тұрақтылық
- D) орташа тұрақтылық
- E) ағымдық тұрақтылық

24. «Жақсы баланстың» көрсеткіші болады:

- A) ағымды өтімділік коэффициенті >1
- B) кәсіпорынның меншікті айналым капиталмен қамтамасыз етілуі >0
- C) абсолютті өтімділік коэффициенті <0
- D) жалпы өтімділік коэффициенті <1
- E) дебиторлық берешек кредиторлық берешектің мөлшерімен сәйкес
- F) ағымдағы өтімділік коэффициенті >2
- G) кәсіпорынның меншікті айналым капиталмен қамтамасыз етілуі <0

25. Дағдарыс жағдайында кәсіпорынның қаржысын тұрақтандыру мына негізгі кезең бойынша жүйелі түрде жүзеге асырылады:

- A) жалпы экономикалық факторлар
- B) тиімсіз стратегия
- C) толық қаржылық тұрақтылық
- D) қаржының тұрақтылығын қалпына келтіру
- E) қызметті диагностикалау
- F) ұзақ кезеңде қаржы тепе – теңдігін қамтамасыз ету
- G) төлемге қабілетсіздікті жою

**Корпоративтік қаржы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**